**Бекітемін:**

**№29 «Ай-Керім»** бөбекжай бақшасының меңгерушісі

_________ **К.К.Сейдалиева**

# Тақырыбы: «Ғажайып жаңа жыл»




**Ересек топ «Акжелкен»**
**Тәрбиеші: Ж.Е.Оразбаева**
**С.А. Игиликова**

**Шымкент 2023**

# Ғажайып жаңа жыл!!!

Музыка залы әсем безендірілген,әуен ойнап тұрады.
Балалар музыка әуенімен залға кіреді, төртке бөлініп тұрады
**Би:** «Флешмоб»
**Ән:** «Келдіміне жаңа жыл»
**Жүргізуші:** Еркеназ

Жасыл шырша орманнан
Бізге арнайы келіпті
Ойыншығын балалар
Шыршаға әсем іліпті.

Жүргізуші Жүрсінай, Иә, балалар сендер дұрыс айтасыңдар Шыршамыз қандай әсем, қыс мезгілі деген өте ғажайып мезгіл, жердің бетін ақ қар жауып табиғат таң ғажайып күйге енеді.

Ақжелкен ересек тобының Жаңа жылдық кешіне қош келдіңіздер.

Балалар біздің керемет мерекеміздің сәні де, бізге алыстан сыйлық алып келе жатқан АЯЗ АТА мен Қарша қыз да келмеді ғой, олай болса .Сол қонақтарымызды ортаға шақырып өнерімізді көрсетіп Аяз атаның сыйлығын алмаймыз ба? Біз барлығымыз сағынып қатты күттік.

Музыка әуенімен қонақтарды шақыру.
Аяз ата мен қарша қызды ортаға шақыру.
Аяз ата, қарша қыз 2-3рет шақыру.
Аяз ата: Амансыңдар ма ұлдарым, амансыңдар ма қыздарым!

Былтыр да келіп кеткем ем,
Сендерді көріп кеткен ем,
Есейіп сендер қалыпсыңдар
Өте ақылды болып өсіпсіңдер
Сендерге алыс жолдан

Асығып зорға жетіп ем
Сыйлығымды сендерге арнап алып ем.
Қарша қыз:Сәлеметсіңдер ме балалар!
Қандай жылы жүздерің
Қандай әсем шырша бар.
Мерекені тойлауға
Сендерге асығып Атам екеуміз
Алыс алыс жолдан келдік.
Биік биік таудан түстік
Өнерлеріңді көрсек деп,
Көп сыйлықта ала келдік.

Жүргізуші:Ой қош келдіңіздер Аяз ата мен қарша қыз. Біздер сіздерді сағынып қатты күттік. Әсіресе сіздердің сыйлықтарыңыз біз үшін өте ерекше. Біздің балапандарымыз сіздерге өнерлерін көрсетіп әкелген үлкен үлкен сыйлықтарыңызды алуымыз керек.
Сіз мына жерде демалып балапандарымыздың өнерін тамашалаңыз.
Мұстафа:

Мың бұралып билейді.
Аяғы жерге тимейді.
Көңілді қыздар ортала
Өздері әсем, билейді.

Би: «Шығыс биі»
Еркеназ, Аружан,Фатима, Нұрсұлу, Дария, Жанайым, Інжу,Аяулым
Ғажайып сәт: «Аққала жүгіріп кіреді.»
Сәлеметсіңдер ме! Ой ,балалар сендер әдемі киініп қандай мереке тойлап жатырсыңдар?
Мен жаңа орманнан бір кісілерді көрдім аты мен қызы бар сияқты.
Сендер ондай кісіні байқамадыңыздар ма?
Жүргізуші, Ой, аққала қош келдің біздің мерекелік кешімізге, біз ол кісілерді көрдік ол кісілер де біздің кешімізді көруге қонаққа келген. Сыйлықтары көп және ол кісілерге біздің балалар өнерлерін көрсетің сыйлық алады.

Ал, сенің қандай өнерің бар? Егер сеніңде сыйлық алғың келсе орта толсын, не өнеріңді ала келдің? «Аққала өз өнерін көрсетеді балалармен бірге»

Жүргізуші Аружан:

Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай әсем шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз

Ән:

Аяулым; Қыс қызығы тамаша
Ойнаймыз біз таласа
Думанымыз жалғасын
Жаңа жылға тамаша

Түлкі мен Қоян: Тоқта деймін тоқта Қоян, қазір ұстасам сенің құлағыңды жұлып ,сенің үйшігіңді алып қоям.Түлкі: Қоян шық деймін бермен, менің ашуымды шығардың ба, шық тез.

Жүргізуші: Ой ,түлкі жан сен неге ашуланып жүрсің? Бізде мереке болып жатыр. Ал қоянды неге қуып жүрсің?

Түлкі: Ой мен деген өзім орманда судың жағасында құйрығыммен балық аулап отырсам мына ақымақ қоян жүгіріп шығып шығырып менің құйрығыма келейін деп тұрған балықты шошытып ,балығымды үркітті. Бол деймін тез шық

Жүргізуші: Ой Түлкіжан ашуыңды бас, біздер жаңа жылды тойлап отырмыз, ал келе жатқан жаңа жыл Қоян жылы. Сен оданда ашуды, ренішті таста оның барлығы ескі жылда қалсын. Оданда сен қояндардың көп көжектерімен арналған керемет биі бар, ал сен бірге билеп көңіліңді көтер.

2) Ән; «Қоян» Фатима мен Інжу.

Би: «Қоян»

Жүргізуші; Ой балаларымыз қандай өнерлі жарайсыңдар

Би: «Шырша биі»

Айару, Мадина, Разолина, Әмина, Райан, Айжұлдыз, Ақбота

Жүргізуші: Ой балалар жарайсыңдар өте керемет өнер көрсеттіңдер.
Нұрсұлу:

Көңілде көп құпия
Әр көңілде жақсы үміт
Кетер жылға мың алғыс
Әкелген көп жақсылық.
Айбарқан,
Жаңа жылда жол болсын,
Әр бір үйде той болсын.
Ақ дастарқан мол болсын!
Жаңа жыл құтты болсын.

Түлкі: Ой, қандай керемет, көңіл күйім көтеріліп ашуым басылып бір демалып қалдым той, олай болса мен кетейін барып балығымды аулайын әлемі құйрығыммен. Қоян менің мазамды алма. Сау болыңдар балалар!

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар, ұстаздар, балалар сіздерді келіп жеткен Қоян жылымен шын жүректен құттықтаймыз. Әр шаңыраққа бақыт, береке, бірлік және ең бастысы мықты денсаулық тілейміз. Қоян жылында әр шаңыракта әлемі көжектер көбейе берсін.

Құрметті ата-аналар жаңа Қоян жылымыз құтты болсын, отбасымыз аман балаларымыздың жүзінен күлкі кетпесін.

